

Аташ Б.М.,
Құранбек Ә.А.,
Тәттібек Н.М.

**Көне түркілік дүниетанымдағы
руханилық пен адамгершілік
бастаулар эволюциясы**

Бұл мақалада көне түркілік дәуірлердегі руханилық пен адамгершіліктің бастаулары туралы мәселелер сарапталады. Алдымен, бұл ахуалды ашып көрсетудің өзіндік қиыншылықтары мен қайшылықты тұстары көрсетіледі: бүгінгі күнге келіп жеткен төл жазба деректеріміздің аз болуы, жалпы руханилық пен руханият, даналық пен адамгершілік деңгейдің өзі кей сәттерде метафизикалық сипат алатындығы, еуроцентристік таптаурындардың әлі де болса санамызда сақталып қалуы, арғытүркілер дәуірінің тым ұзақ кезеңді қамтитындығы. Авторлар келесі кезекте, көне діни сенімдердегі рухани-адамгершіліктің негіздеріне шолу жасайды. Зорастримз іліміндегі этикалық ұстанымның негізгі қағидаттары мен шығу көздерін ашып береді, қарама-қарсы екі рух, отпен аластау, наурыз мерекесі т.б. руханилықтың негіздері жатқандығын байыптайды. Одан соң тәңіршілдікте ерік пен еркіндік, жауапкершілік пен парыз, ерлік пен ержүректілік категориялары маңызды роль атқарғандығы туралы идеяларды негізге ала отырып, бұл сенімнің моральдік реттеушілік қызметін зерделейді.

Түйін сөздер: дәстүрлі түркі дүниетанымы, түркі мәдениеті, түркі этикасы, руханилық, сакралдылық, тәңіршілдік, экологиялық этика, ауызша мәдениет.

Atash B.M.,
Kuranbek A.A.,
Tattibek N.M.

**The evolution of spirituality
and the moral beginning in the
ancient Turkic's worldview**

The article discusses the evolution of spirituality and moral principles of the ancient turkic worldview. First of all, reveals the specific difficulties and contradictions of the study of this problem, including: insufficient volume of materials written sources, preserved ancient manuscripts; specific understanding of spirituality, level of spirituality and wisdom in some moments become metaphysical in nature; still preserved in our minds europocentrism stereotypes; coverage of extended period of the age of prototurk. Next, the authors present an overview of spiritual and moral foundations of ancient religious faith, reveal and show the basic laws and the sources of the ethical teachings of the beginning of Zoroastrianism, the opposite two spirits, rituals with fire, the holiday «Nauryz», etc. features of spirituality. Further, taking into account the important role in tengriism such category as will and freedom, responsibility and duty, heroism and bravery reveals the moral-regulatory function of faith.

Key words: traditional worldview of the Turks, Turk`s culture, Turks ethics, spirituality, sacredness, tengriism, environmental ethics, oral culture.

Аташ Б.М.,
Құранбек А.А.,
Таттибек Н.М.

**Эволюция духовности и
нравственного начала
в древнетюркском
мировоззрении**

В статье анализируются проблемы эволюции духовности и нравственного начала древнетюркского мировоззрения. Прежде всего, раскрываются специфические трудности и противоречия исследования данной проблемы, к числу которых относятся: недостаточный объем материалов письменных источников, сохранившихся древних рукописей. Специфическое понимание общей духовности, уровень духовности и мудрость в некоторых моментах приобретают метафизический характер; до сих пор сохранившиеся в нашем сознании европоцентрические стереотипы; охват продолжительного периода эпохи прототюрков. Далее авторы приводят обзор духовно-нравственных основ древнерелигиозного вероисповедания, раскрывают и показывают основные законы и источники этического начала учения зороастризма, противоположность двух духов, обряды с огнем, праздник «Наурыз» и др. особенности духовности. Далее, принимая во внимание важную роль в тенгрианстве таких категорий, как воля и свобода, ответственность и долг, героизм и отвага, раскрывается морально-регулятивная функция веры.

Ключевые слова: традиционное мировоззрение тюрков, культура тюрков, этика тюрков, духовность, сакральность, тенгрианство, экологическая этика, устная культура.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: atash_berik@mail.ru

КӨНЕ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ РУХАНИЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІК БАСТАУЛАР ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Бүгінгі таңда түркі халықтарының даналық бастаулары мен адамгершілік құндылықтары белгілі бір деңгейде әлемдік руханияттық қауымдыстығын айтарлықтай деңгейде мойындатып отыр десе де болады. Дегенмен, біз қарастырып отырған мәселені ашып көрсетудің өзіндік қиыншылықтары мен қайшылықты тұстары да жоқ емес:

Біріншіден, төл жазба деректеріміздің тым аз болуы. Деректер әсіресе, Қытай, араб, грек тарихи мұраларынан алынады. Бірақ бұл тұста, айта кететін маңызды жайт, өзге ұлыстар мен халықтар туралы қандай-да болмасын ақпараттар оны беруші субъектілердің дүниетанымымен астасып (субъективизм орнайды) жатады немесе оларға деген жағымсыз көзқарастар да жамалып отырады, ол кейде тіпті шектен шығып та кетіп жатады. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, кентавр, өлмес Кашей т.б. бейнелерді атап өтуге болады. Тіпті болмаса, ол еріксіз түрде бұрмаланған күйде жеткізіледі. Дегенмен, ақпараттардың барлығын жағымсыз мәнде қабылдап, объективтіліктен алшақ деуге де болмайды. Мысалы, кейінгі Лев Гумилевтің түркі халықтарына баса назар аудара зерттеуі, Александр Затаевичтің қазақ музыкасы мұраларын жинауы т.б. барынша онды көзқарас тұрғысынан бағаланған деп айта аламыз.

Екіншіден, жалпы руханилық пен руханият, даналық пен адамгершілік деңгейдің өзі кей сәттерде метафизикалық сипат алады. Тіпті оларды өлшейтін арнайы барометрлер де жоқ. Демек, кімнің руханияты мықты, кімдікі төмен деген сауалдар қоюдың өзі көп жағдайда анық, нақты шешімдерге алып бара бермейді. Сонымен қатар, әрбір халықтың өзіндік құндылықтар жүйесі бар болғандықтан, оның субъективті жақтары да кездеседі.

Үшіншіден, осыған байланысты қазіргі таңдағы еуропоцентризмнен арылу, постпозитивизм мен постмодернизм ұстанымдары біз қарастырып отырған мәселені тым күрделендіріп те жібереді.

Төртіншіден, түркі дәуірі, арғытүркілерден, сақтар мен ғұндардан бастау алып, бүгінгі заманға дейін созылып жатыр деп айтуға болатын тым ұзақ кезең, оны түркі дәуірі деп нақты анықтайтын уақыт та ажырамаған деуге де болады. Егер дәуірді ажыратпасақ, ондағы даналық пен этикалық бастауларды таразылаудың өзі қиындықтар туғызады. Әйтсе де, осы соң-

ғы мәселеде, кейбір зерттеушілер шартты түрде «Ұлы дала мәдениетін» мынадай 11 кезеңге ажыратып көрсетеді: б.д.б. 6-1 мыңжылдықтар – прототүркітік тайпалар мәдениеті; б.д.б.8-3 ғ. – Тұран мәдениеті; б.д.б. 3 ғасырдан бастап, б.д. 5 ғасырына дейін – ғұн империясы мәдениеті; б.д. 6-8 ғасырлары – түркі қағанаты мәдениеті; 9-11 ғасырлар – қарахандықтар мәдениеті; 12-13 ғасырлар – Шыңғыс хан дәуіріндегі түркі-моңғол мәдениеті; 14-15 ғасырлар Темір империясы мәдениеті; 16-17 ғасырлар түркі хандықтары мәдениеті; 18 ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың басы – мункарраз (зар заман); Кеңес дәуіріндегі түркі мәдениеті; тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдениет [1, 42-69 бб.].

Дегенмен, біз, алдымен, түркілік даналық пен этикалық бастаулардың қазіргі келер ұрпақ үшін маңыздылығына, ұлттық бірегейленуі мен түркілік бірлік идеясының сұраныстарына, қазіргі заманғы моральдік дағдарыстарды реттеудің қажеттілігін, т.б. өзекті мәселелерге қарай ойыса отырып, аталған тақырыпты белгілі бір деңгейде саралап өтетін боламыз.

Түркілік даналық пен этикалық бастаулардың түптамыры арғытүркілік тарихтан тамыр тартады. Арғытүркілік тарихта төл дүниетанымымыз болмаса да, кейіннен қазіргі қазақ даласына таралған, түркілік ділмен жанасып жатқан, алғаш иран жерінде пайда болған зорастримз ілімін, ондағы негізгі идея, ізгілік рухы Ахура-Мазда мен зұлымдық рухы Анхра-Майньюдың күресін отандық ғалымдарымыз адамзат баласындағы ізгілік пен зұлымдық бастаулардың түпнегізі болған деген сыңайлы пікірлерін ұсынады. Мәселен, қазақ мәдениетін зерттеуші Тұрсын Ғабитовтің пікірінше, Зорастримз сеніміндегі ізгілік рухы мен зұлымдық рухының мәңгілік күресінің сарыны адамзатқа алғаш рет жақсылық пен жамандықты үйреткен [2, 74 б.].

Сонымен қатар, бұл сенімді зерттеушілердің: «Көне Үнділік дәуір рухани әлемдегі бүлінбеген болашақтық күйінде де туған жерге деген сүйіспеншілікті өркендете алмады. Тек қана Парсыда, Зоратустранның қатаң жетелеуімен адам жерге өзінің отаны деп сезінуді және онда еңбек етуді өзінің өмірінің мазмұны деп қарауды үйренді» [3, 13б.], – деген көзқарастары да бұл ілімнің адамзаттың рухани құндылықтарын әйгілей түсетіндігін айғақтап береді. Демек, Зорастримз сенімін ұстанған кейбір көне сақ тайпалары мен қазіргі Қазақстан жерін мекен еткен біздің арғы ата-бабаларымызда елдің аумағы өзінің жеке меншігі екендігі туралы пікірлер қалыптасып,

ол отансүйгіштікпен, ел мен жерді қорғаумен ұласып отырған деп айта аламыз.

Біздіңше, жалпы тым көне мифологиялардан бастап, кейінгі аңыз әңгімелерге дейінгі көркемдік танымға үңілсек, шындығында да, ертегілердегі зұлымдық пен ізгіліктің күресі және оқиғаның соңы ізгіліктің жеңісімен тәмамдалатындығы осы зорастримздегі екі рухтың мәңгілік күресі және Ахура Мазданың жеңіске жеткендей болатын сюжетінен тамыр тартып, осы мотивті негізге алатын тәрізді. Түркі-қазақ халықтарында тұрмыста қолданылатын ақ пен қараның өрілген кейпіндегі ала арқан да – осы жақсылық пен жамандықтың кезектесіп-септесіп отыратын бірлігі мен күресін негіздейтін диалектикалық бірлікті құрайтындығын ескерсек, ол да зорастримздік басты идеяға сәйкестеніп жатады.

Зорастримздегі басты табыну объектісі болған от тек қана жай материалдық бейнесі бар жалын ғана емес, көне гигиенаға сүйенген этикалық бастаулардың тәжірибелік үлгісі деп болжамдай аламыз. Отпен аластау – күрделі мистикалық құбылыс болғанмен, оның медициналық-этикалық негіздері бар тәрізді деген болжам ұсынсақ, оны былайша дәйектеп өтуімізге болады. Біріншіден, от адам бойындағы және тыныс алудан бөлінетін зиянды микробтарды өртеп жіберетін болса, екіншіден, көне дүниетанымдағы арам пиғыл мен зұлымдықты адам бойынан бөлініп шығатын әлдебір материалдық пен идеялықтың аралығындағы нәрсе деп елестеткен десек, оны да уақытша болса да өртеп жіберудің шынайы әрекеті деп айта аламыз.

Осы отпен аластау, қазіргі кезде түтінмен аластаумен жалғасын тауып отырған ырымдардың бірі. Демек, от зиянды рухтарды, зұлым пікірлер мен ойларды жойып жіберудің құралы іспетті. Қазіргі психологияда адамның физиологиялық тәнін қоршап тұратын «аура» түсінігі ғылыми сипат алып келе жатқан парағылыми түсінік екендігін ескерсек және оған сүйенсек, онда отпен аластаудың мағынасы түсініктірек бола түспек. Осыған байланысты, «зиянды аура», «энерговампир», «көз тию» деген сияқты парapsихологиялық түсініктер де психология ғылымында ғылымылануға қарай бет түзеп келеді. Демек, отпен аластауды осындай түйткілді құбылыстармен байланыстырсақ, оның таза моральдік-этикалық, тіпті педагогикалық-терапиялық сипаты байқалады. Бұл сондықтан да, әлі де зерттеулер мен дәлелдеулерді қажет ететіндігіне қарамастан, адамгершілікке тәр-

биелеудің өзіндік бір қисынын түсіндіруге жол ашады және мәселені қойып беріп отыр десек те болады.

Осы орайда, философ Сапар Оспановтың «от» туралы байырғы діндік-ділдік көріністерді талдай келе: «Отқа үстемелеп отын салып жатып, оған еңкейіп тағзым етіп, осы дұға сөздерін күбірлеп айтушы – оттың «жақын досы», отпен сырласушы», – деп тұжырымдаған пікірлері де [4,206 б.] «От пен Ой» арасындағы тым көне түзілімдерді тереңірек аңғаруымызға жол ашып береді. Бұл жердегі қазан-ошақ оты күндізгі емес, қараңғыда маздайтын болғандықтан, әрбір шаңырақ бейне бір «магиялық жағдайды» жасап бергендіктен, отбасы ертеңгі күн мен болашағын жақсылыққа балап, тілектерін айтады және сол кездегі ас қайыру сәтіндегі бата осындай жағдайда өтеді. Демек, батаның өзіндік магиясы [4,274 б.] мен үй ішіндегі магиялық жағдай тұтасады. Бұл сайып келгенде, зорастризмдегі даналық толғанысқа бағытталған қырлардың бірін ашып бергендей болады.

Шындығында, кейбір Ирандықтар болмаса, зорастризмнің толықтай діни жүйе ретінде сақталған жерлері жоқ деуге де болады. Бірақ, оның сарқыншақтары әдет-ғұрып пен салт-дәстүр жүйесі, өмір салты ретінде зорастризм жайылған жерлерде сақталып қалды. Соның бірі – Ұлыстың Ұлы күні, Наурыз мерекесі. Бұл мерекені кейбір зерттеушілер тәңіршілдіктің көрінісі ретінде сипаттайды, бірақ, біздіңше бұл осы зорастризм сеніміне тән мейрам болып табылады.

Біріншіден, наурыз деген сөздің өзі парсы (иран) тілінен енген, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. «Нау» түбірінің басқа да славян, неміс, ағылшын, прибалтика, т.б. тілдердегі нұсқаларының барлығы негізінен «жаңа» деген мағынаны білдіргенмен, «руз» оларда күн деген мағына бермейді екен. Сондықтан, ол, алдымен парсы тілінен енген, сол мекеннен шыққан.

Екіншіден, наурыз мерекесін, ирандықтар өздері түркі халықтары болмаса да тойлайды, ол ирандағы азғантай ғана зорастырлықтардың және байырғы зорастырлықтың ықпалы деуге де болады. Ал басқа да түркі емес, зорастырлықтар емес халықтардың, тіпті кейбір еуропа елдерінің тойлауының себебі, кезіндегі зорастризм таралған аймақтарды білдіреді немесе олар сол жақтарға қарай қоныс аударып кеткенмен, басқа дінді қабылдағанмен, оны салт ретінде сақтап қалған деп айта аламыз.

Үшіншіден, Авестадағы күн мен түн, жарық пен қараңғының алмасып келуі, екеуінің тең

түсуі туралы мотивтер, күн мен түннің теңелген уақытын меңзейтін сюжеттерге сәйкестеніп жатады.

Наурыз мерекесінде орындалатын шарттардың дүниетанымдық қырларын былай қойғанның өзінде, ол көркем этикалық қағидаларды ұсынады. Наурыз мерекесінде орындалатын салттардан туындайтын этикалық ұстанымдар мен құндылықтар: бауырмалдық, кешірімшілдік, әлеуметтік әділеттілік, мұқтаждар мен әлсіздерге көмек, достық пен махаббат, ел бірлігі идеясы, халықтың көңіл күйі мен өмір сапасы, салауатты өмір салты, т.б., көрісу, наурыз көже ішісу, жастардың бір-біріне сөз салуы, ұлттық спорттық ойындар, т.б. арқылы анық көрініс тауып отырады.

Зорастризмдік сеніммен жарыспалы өмір сүрген Тәңіршілдік сенім де көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша даналық бастауларына негізделген. Оны зерттеуші ғалымдарымыз синкреттік рухани құбылыс және тұтас мәдениет ретінде бағалайды: «Сонымен, тәңіршілдік мәдениеті әртүрлі мәдени формалардың өзіндік біртұтастығын да көрсетеді: мұнда миф пен дін, адамшылық пен өнер, медицина, психология және философия бір органикалық тұтастықта» [5, 1286.].

Бұл сенімнің де дүниетанымдық қырларын айтпағанның өзінде, терең этикалық бастаулар мен даналыққа негізделген қабаттар жинақталған. Бірақ осы тұста, жалпы түркі мәдениеті мен моральдің, жалпыдан жекеге қарай ойыссақ, философиясы мен этикасының кіріккен, кірігіп кеткендігінің нағыз бастауларына келіп тірелеміз. Сондықтан, да тәңіршілдіктегі философиялық көзқарастар түптеп келгенде, этикалық қағидаларды тұтас қамтиды. Сондықтан да, мәселе қозғап отырған тақырып: «Тәңіршілдіктегі этика» болып нақтылана түсуге қарай жетелейді.

Бұл сенімдегі қозғалатын этикалық мәселелер: еркіндік пен жауапкершілік, әлеуметтік және жалпы әділеттілік, ерлік пен отансүйгіштік, бірлік пен татулық, экологиялық этика, махаббат пен достық т.б.

Қазақ дүниетанымындағы махаббат мәселесін зерттеуші Гүлдана Токсанбаеваның пікірінше, Көк Тәңірі мен Ұмай Ана жұбы түпмахаббат философиясын білдіріп тұрады: «Бірақ бұл байырғы дүниетанымда Аспан мен Жердің сакральды некесі, Инь мен Ян тәрізді өзара әрекеттесу қатынастары айтылмайды, себебі Көк Тәңірі әкелік болғанмен аса антропоморфты емес, жерлік қажеттіліктерді қажетсінбейді, ал

Ұмай ана – адамзаттың әйел бейнелі арғы пананасы, Жердің Рухы.

Ұмай мен Тәңірінің арасындағы сезімдік қатынас алғұдүниетаным, ойлауға дейінгі тылсымдық, сондықтан түркілік мифологиялық ойлау мен діни сенімдер бұл «жақтарды» персоналдандыру қажеттігін өзектендірмеген: ұмтылу, құмарлық, тілек процестері қарастырылмаған. Олар махаббаттың нақты айқын екі жағы немесе арнайы қарсы қойылған адам кейіпті тұлға, сүйіспеншіліктің символдық субъектілері бола алмайды. Бұл да ежелгі түркі ұлағатының түпмахаббат философиясындағы даналық бастаулар» [6, 186].

Демек, біздің пікіріміз бойынша, Көк Тәңірі мен Ұмай Ана бейнелері, жұптаспаса да, адамзат баласына жұптық өмір мен «әйел-ер бірлестігінің» жалпылама концептуалды тұғырларының үлгісін жасап берді деп болжамдаймыз.

Тәңіршілдік сенімінде айқын қозғалған этикалық категориялардың бірі – еркіндік пен жауапкершілік. Ол әсіресе, Тәңір қалаған түркі халқының билеушілері мен Тәңірдің қатынасы арқылы анық байқалады. Оған, бір қырынан Тәңірі ерік пен еркіндік берген. Тәңірі ол қаһанды өзі таңдап, түркі ұлдарына жібергендей сыңай танытылады. Сондықтан, ол түркі және адамзат қоғамында барынша еркін жан иесі, Тәңірінен рухтанған кейіпте, осы еркіндігін басқа да халықтарға мойындатқысы келеді. Бірақ, ол абсолютті еркін емес, шалыс кетсе, қателік жасаса, «Тәңірі оған шамданады», сол сәтте оның еркіндігі шектеледі де, қайтадан жауапкершілігін сезіне бастайды.

Басқа да қарапайым бұқараға Тәңірі ерік берген, ол күн сайын, сәт сайын өзіне жалбарынуға халықты мәжбүрлемейді, тек жылына бір-екі рет қана түркілер Тәңіріне құрбандық шалады. Бірақ, түркілік жоралармен, өмір салтымен жүрмей, адамгершілік нормалардан ауытқыған сәтте, ол «Тәңірінің қарғысына» ұшырағандай болады. Сондықтан да бүгінгі қазақ халқындағы қарғыстың бір түрі «Көк соққыр», «Көк атсын», т.б. болып келеді де, керісінше, алғыс пен батаның игі тілегі: «Тәңірі қолдасын», «Тәңірі жарылқасын», т.б. түрінде айтылады. Бұл – Тәңіршілдіктегі еркіндік пен жауапкершіліктің жалпы жобалары деп айта аламыз.

Ал экологиялық этика, тұтас табиғатты құрмет тұтуға, оны бүлдірмеуге, бағалай білуге үйрететін ұстанымдар арқылы жинақталады. Тіпті, аса құрметтелуі тиіс объектілер де құдайлық сипат алып, рухтандырылған: Жер-Су (Жер иесі, Су иесі). Тәңіршілдіктің экологиялық

этикасының: «Киесі ұрады», «Көкті жұлма» деген сияқты императивтілік ерекшелігінен, басқа адамгершілік қағидаттарды сақтау үшін оның әрараптандырылып қолданылатындығына көз жеткізуімізге болады: «Ата-бабаның қарғысына ұшырайсың», «Тәңірі шамданады», т.б.

Басқа діндердегі сияқты құрбандық шалудың түпмәні – Тәңірге құлшылық ету болатын болса, құбылысы – қоғамның төменгі таптарын жарылқау, оларды қонақтау, тойындыру, үлес беру т.б. сияқты қайырымдылық шаралары түрінде көрініс табады. Міне, тәңіршілдіктің, біз этикалық бастауларына, әсіресе, моральдік реттеушілік қызметіне тек қана мысалдар келтіре отырып, шолу жасадық, негізінен бұл сенім тұтастай осындай ізгілік пен адамгершілік шараларын үнемі ұйымдастыруға тағайындалған.

Тәңіршілдік сенімінің бір ерекшелігі онда пайғамбарлардың болмауы және негізін қалаушы данышпанның жоқтығы. Сондықтан да, ол біздің діліміз бойынша, авторы жоқ болғандықтан, «халық діні» деп те атауға болатындай иелігін сақтайды. Мүмкін оның авторы, негіздеушісі, тым болмаса дамытушысы болған болуы да ықтимал. Егер бар болса, әрине, тым көне сенім болғандықтан, ұмыт болған сыңайлы. Немесе, белгілі бір деңгейде, оның авторсыздығы әдейі жасалған, ұмыттырылған немесе абсолютті авторсыз болып шығуы тиіс жоғары метаконцептер түріндегі метафилософиялық ілім ретінде бекітілген. Себебі, белгілі бір деңгейде оның негізін қалаушысының болмауы – бұл сенімді асқақтандыру немесе өзінің асқақтануы болып шығады. Олай болатын болса, оған дін философиясы тұрғысынан емес, діни философия тұрғысынан келу қажеттігі туындайды.

Кейіннен, тәңіршілдіктің құрамдас бөлігіне айналған шамандық сенім де тұтастай алғанда, жалпы гуманизмге құрылған. Бақсы адамдарға, табиғи тіршілік иелеріне қолдау білдіру мен қамқорлық жасауға, көмектесуге тағайындалған және ол өзінің осы мақсаттарын міндетке айналдырған, атқарған істері үшін міндетсінбейтін, қаржы талап етпейтін терең руханияттық деңгейге көтерілген жан иесі болып табылады. Ол негізінен, даналық иесі, көріпкел, адамгершілік сапаларды бойына жинақтаған, өзінің қабілетін пайдаланып, ешкімнен өш алуды, жамандық тілеуді т.б. мүлде ойламайды десе де болады. Ал Кеңес Үкіметінің атеизмі шаман бейнесін мүлде жағымсыздандырып жіберді, бұндай көзқарастың сарқыншақтары әлі де бар. Мысалы, ертеректе түсірілген «Алдар Кө-

се» фильмінен бастап, жуық арадағы сахнаға шығарылған «Көшпенділер» туындысында да бақсының беделі тым төмендетілген сыңайлы. Ал «Келін», «Бақсы» сияқты фильмдерде оның беделін қайта қалпына келтіру көрініс табады.

Түркі философиясының тарихы жазылған кезде, орта ғасырға дейін бізде жеке тұлғалар аса көп емес, сондықтан да жеке дана өкілдер туралы пайымды тарих жазу қиындай түседі. Біздіңше, бұндай тұлғаларды әйгілеу, түптеп келгенде, түркінің халық философиясын жасаудың өзіндік бір тәсілі болған сыңайлы, нақтырақ айтқанда, түркілердің философиялық ойлары өмірмәнділік мәселелерге арнала отырып, абстракцияларды нақтылыққа айналдыруды көздей келе, «түркі ұлының – әрбіреуі философ» деген ұстанымға тірелген тәрізді деп болжамдай аламыз. Міне, біз осыдан, постмодернизмдегі «автордың өлімі» түсінігін толығырақ ұғына аламыз. Яғни, түркі дүниетанымында автор аса маңызды емес, маңыздысы – оның ұмытылмауы және халық үшін игілікті болуы. Дегенмен, Анахаристің тарихта аты қалуы оның Грек жерінде болғандығынан, Шакьямунидің (Сақ) есімінің сақталуы көне Үнді халқының жазба мәдениеттерінен, т.б. деп тұжырымдай аламыз.

Мысалы, Ұлы Даладағы темірді, қоланы, алтынды, т.б. өндіруді, шалбар киюді, атты қолға үйретуді, қымыз бен шұбат сынды сусындарды даярлауды, домбыра, т.б. аспаптарды алғашында бір ғана адам ойлап тапқаны белгілі, бірақ авторы беймәлім болып қалған да, бұл жаңалықтар халық игіліне жарап, көбісі бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

Ал IX-XII ғасырлардағы түркі даласындағы ойшылдардың әйгіленуі және бүгінгі күнге дейін жетуі – араб-мұсылмандық тұлғаны демонстрациялау мәдениетіне байланысты сақталған. Бірақ біз, бұл ойшылдардың еңбектері жете зерттелгендіктен, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтпейміз, тек жалпылама мәдениет философиясы тұрғысынан сипаттамалы шолулар жасаймыз, негізгі ерекшеліктерін атап көрсетеміз.

Біріншіден, біз оларды жалпылама атаумен орта ғасырдағы түркі ойшылдары деп белгілейміз, бірақ назар салып қарасақ, әрқайсының орны бөлек, үлес қосқан рухани арналары да, қоғамдағы ролі де әр түрлі болып келеді. Мысалы: әл-Фараби – энциклопедист ғалым, философ; Қожа Ахмет Ясауи – түркі даласына ислам дінін таратушы, сопылықтың түркілік бұтағының негізін қалаушы; Жүсіп Баласағұн – әдебиетші, жыр-әңгімесі арқылы этиканың

идеологы, Ахмет Иүгінеки – моральдің дидактигі, Махмұт Қашқари – тіл арқылы түркілік ұлттық идеяны насихаттаушы т.б. болып жалғаса береді.

Екіншіден, түркі-мұсылмандық ренессанс 3-4 ғасырға созылғандықтан, барлығы өнер немесе ғылымдағы бір мектептің өкілдері емес, бірін-бірі дамытушы да емес, әрқайсысы жеке дара танымал, олардың көпшілігі бірін-бірі танымауы да ықтимал. Яғни, олардың бәрі бір емес, әрқайсысы әр түрлі мектеп өкілдері деп айта аламыз.

Үшіншіден, олардың саны біз ойлағандағыдан тым көп. Бізге көпшілігінің еңбектері жетпеген, тіпті кейбірінің аты-жөндері де белгісіз. Яғни, олар жүздеп емес, тіпті мыңдап саналған да шығар. Оған басты кедергілердің бірі – жойылған Отырар кітапханасы деп айта аламыз.

Төртіншіден, оларды түркі ойшылдары деп атағанмен, көбі, тіпті барлығы деуге де болады, тек қана қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағынан шыққан. Батыс, Шығыс, Солтүстік өңірлерден ондай даналар шықпаған деуге де болады. Яғни, көпшілігі Хорезм хандығының түлектері болып шығады.

Бесіншіден, «олар немесе олардың ұрпақтары, кейіннен неліктен жалғасын таппады, интеллектуалдық ағым неге үзіліп қалды» деген сауалдарға, біз, көбінесе, Шыңғыс ханды жауапты санаймыз, мүмкін басқа да себептері бар шығар, өйткені оның шапқыншылығынан кейін де, ислам діні өз деңгейінде тарала бастады емес пе еді?

Түркі даласына ислам діні еніп, жайыла бастағаннан кейін ғалымдармен қатар, мұсылмандықты нығайта түсу мақсатында әулие-әнбилерді де ұлықтау дәстүрі қанат жая бастады. Оның түпбастауында, шындап келгенде, түркі даласында ислам мен шамандықтың қиылысар тұсында өмір сүрген – Қорқыт Ата жатты. Қорқыт шаман, ислам дінін қабылдамаған сыңайлы. Тарихтағы мәдениетті исламдандыру мен оған ислам көзімен қарау Қорқытты да ислам өкілі ретінде көргісі келді. 15 ғасырда қағазға түскен «Қорқыт ата кітабы» шындап келгенде, түркі даласындағы жинақталған аңыз-әңгімелер, тарихи оқиғалар, философиялық ойлар, т.б. Бірақ, бұл кітаптағы оқиғаларға да енгізілген Қорқыт ата бейнесі исламданған кейіпте суреттелген. Егер өмірінің соңына дейін өліммен күресіп жүрген болса, онда оны ислам дінін қабылдады деп айта алмаймыз. Себебі, исламда өлімнен қашуға болмайды, өлім әзірейілінен қашып құтылуға тырысуға да рұқсат жоқ. Ендеше, Қорқыт

ата түркі ойшылы және шамандықтың өкілі деп айта аламыз. Ал «Қорқыт әулие» деген атау оған кейіннен берілген сыңайлы.

Екінші бір қырынан алғанда, Қорқыт ислам мен шамандықтың өзіндік бір кіріктірілген үлгісін жасаған сияқты: исламданған шамандық немесе шаманизмденген ислам. Осы үлгі түркі қазақ даласында мың жылдай сақталып келген деп айта аламыз. Себебі, XX ғасырдың соңына дейін қазақ даласында бақсылар өмір сүрген және олар ислам дінін жоққа шығармаған. Демек, кейінгі қазақ даласындағы бақсыларға карап, оның барлығы Қорқыт атаның ислам мен шамандықты үйлесімді бітістірген-кіріктірген үлгісі деп болжамдай аламыз.

Қорқыт атаның дүниетанымы түркі халқына ғана емес, жалпы адамзатқа үлгі боларлық өмір сүру үшін жасалаған жалпылама жобалар мен адагершіліктің асқақ тұғырлары болып табылады. Оны кейде тіпті «орта ғасырдағы түркі ренессансының бастаушысы» деп те атауға болатын сыңайлы.

Бір ғана мысал, «Башпай» күйінің шығу тарихындағы аңыз мазмұндарына тоқталсақ; өлімнен қашып жүрген Қорқыт Атаға тамақ әкеліп беріп тұрған қарындасына аңдаусызда тиіп кеткен башпайын бабамыз өзі өлгенде де жерлемей, ол «арам башпай» деп сыртқа шығарып қоюды аманаттап кеткен екен. Бұл құбылыстың ешбір халықтарда кездеспейтін нәзік этикалық өлшемдер екендігін Әбдімәлік Нысанбаев та бағамдап өтеді [7]. Міне, әйелге, қарындасына деген құрмет пен адалдық, сыйластық пен тазалықтың мінсіз үлгісін паш еткен бұндай этикалық ұстаным түркілік руханилықтың қаншалықты жоғары болғандығын және түркілік гендерлік теңдік үлгісін айғақтай алады. Мысалы, салыстырмалы түрде, әлемдік классикалық мифологиядағы Грек аңыздарының бірін келтіре кетсек, қарындасына үйленген, кей сәттерде, ол біресе әйелі, біресе, қарындасы болған құдай Зевстің әрекеті мен Қорқыттың даналығы арасындағы алшақтықты бағамдай беріңіз.

Немесе, мағынасыздық жайлаған Сизиф туралы оқиға, әкесін ұлы өлтіретін Эдип патша, т.б. көп түрлі Антика мифтері XX ғасырда да батыстың ағартушылық руханиятынан орын тепті, атап айтқанда, Альбер Камюдің (Сизифтің абсурд әрекеті), Зигмунд Фрейдтің (Эдип комплексі) идеяларына арқау болды. Осыдан экзистенциализм, фрейдизм тәрізді ағымдар батыс елдеріне кең тарап, дүние жүзіне жайыла бастады. Бұдан байырғы әфсаналардың ділге, таным-түсінікке, Руханиятқа көп жылдар

бойы әсер ететіндігін бағамдауымызға болады. Ал түркі халқындағы аңыздар кейіннен түркі-қазақ халқының биік руханияттық деңгейінің қалыптасуы мен дами түсуіне әсер етті, себебі, онда логикалық таным ғана емес, парасаттылық пайым, биік руханилық тұтасып жатты. Мәселен, Эдип патша аңызын Қорқыттың «Башпай» күйінің шығу тарихымен салыстырсақ, соңғысынан біздің түсінігімізге батыстық психоаналитик келе бермейтін болғандықтан, антифрейдистік сарынды, нақтырақ айтқанда, антиинцестік бағдарды байқай аламыз. Сондай-ақ, Сизиф пен Қорқыттың мәңгі өмірді іздейтін аңызы да мазмұны, түп мағынасы жағынан бір-біріне түпкілікті қарама-қайшы. Қорқыт Ата аңызындағы өлмейтін өмірді іздеудің рухани-танымдық мағынасы; өмірге құштарлық (биофилия), өмірді сүйе білу мен оған деген тойымсыздық, бар болу бақытынан айрылғысы келмеу, уақытты бағалау, адамға арналған жарық дүниені көру сәтін ең жоғарғы құндылыққа айналдыру т.б. бүгінгі күнге дейін маңызы орасан зор, бір ғана мысал, қазіргі таңдағы әлемдік және еліміздегі басты қасіреттердің бірі – жастардың суицидке ұмтылған санасының алдын-алудың нақтылы жауабы екендігіне көз жеткізе аламыз.

Түркілердің келесі бір руханияттық сілкінісі – Алтын Орда кезеңіндегі мәдениет. Бұл да ғылым мен білімнің, руханилық пен адамгершіліктің дәстүрлі түркілік тұтас бейнесін жалғастыратын өзіндік бір мәдени баспалдақ деп айта аламыз.

Одан кейінгі 15 ғасырға дейінгі дамыған ауызша мәдениет те түркілік рухани құндылықтарды жаңғырта түсудің, сабақтастықтың, мираскорлықтың жарқын үлгісін паш етті. Осы тұрғыда Сапар Оспанов Қазақ-түрік философиясының онтологиялық генезисін зерделеуде «Нағыз философияның орнына жазылымдағы ғылыми философияның үстемдік етуі қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды даналықпен басқарудың орнына жазылыммен шартталған үш басты билікке бағынған қоғамның бір туындысы. Жазылымдағы философия тірі даналық ой тіршілігінің өзі емес, тірі өмірін артқа тастаған, нәтижелердің мүрдесі (Гегель). Еуропада қалыптасқан жазылымдық философия әлемнің басқа бөліктеріндегі жас ұрпақтарды соған оқытып, жаттату, қайталату нағыз тірі философияның өз мазмұнын, адамдардың күнделікті тіршілігі кезіндегі ролін жоққа шығарды» [8] – деп пайымдайды. Ауызша мәдениеттің, мүмкін, кемшін жақтары да жоқ емес шығар, дегенмен, біз оның жағымды тұстарын туындата отырып, оларды былайша жинақтап көрсетуді жөн көрдік:

– ауыз әдебиеті, әсіресе, ұзақ жырланатын эпостар мен сансыз көп ертегілер, мақал-мәтелдер т.б. барлығы, түптеп келгенде, мазмұнының дидактикалық ұлттық тәрбиелік қырларын айтпағанның өзінде, ол формасы жөнінен ақыл-ой тәрбиесіне, нақтырақ айтқанда есте сақтауды шынықтырудың құралы болды. Шындығында, жазба мәдениет, тұтастай жазбалық (кез келген нәрсені мәтіндендіріп жазып алу) адамның есте сақтау қабілетін төмендететіндігі күмәнсіз. Ал ауызша жаттап алу керісінше, есте сақтауды шынықтыратын мидың жаттығулары болып табылады. Міне, түркілік ауызша мәдениеттегі маңызды ұтымды тұс – қазіргіше айтсақ, көптеген ақпараттарды сақтай алатын компьютерлік жады іспеттес ми құрылымын жасап шығарғандығы болып табылады.

– ауызша мәдениет үлгілері, нақтырақ айтқанда кез келген жыр, аңыздар, мақал-мәтелдер, күйлер т.б. фольклорға жататындардың барлығы, нақты жазбадағы сияқты міндетті түрде одан ауытқымауы тиіс болып тағайындалмайды. Сондықтан да кез келген мәтін заманға лайықты, өркениет дамуына сәйкес оңай өзгерістерге ұшырап, оған бейімделе алуға аса қабілетті («мобильді-динамикалы адаптация» деп атауға болады). Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар оқылық» атты еңбегіндегі ең бірінші «Бір Аллаға сиынып» деп басталатын жол, заманның өктемдірек талабына, коммунистік идеологияға сай алынып тасталған. Міне, бұл түркі халықтарының ауызша мәдениетінің, жекедей алғанда, мәтіндерінің қаншалықты деңгейде сұраныстар мен талаптарға сай өзгеріп отыратындығының куәсі болып табылады. Әрине, өзгеріштік, бір қарағанда, жағымды сапа болып табылмауы ықтимал, бірақ кез келген нәрсе абсолютті емес екендігін де ұмытпауымыз қажет және өзгерістер жақсы жағына қарай туындыны дамытып отыруға қарай бет түзейтіндігін де ескеруіміз керек.

– ауызша мәдениет – өзінен-өзі, стихиялы-жоспарлы, саналы-бейсаналы түрде, сұрыптау, іріктеуші, талдаушы, қазіргі тілмен айтсақ, кейде цензуралық қызмет атқарады және оны өзінің туындыларына жасайды, демек, ауызша мәдениеттің өзіндік санасы (мысалы, өзін-өзі сынаушылық) жетілген деп тұжырымдай аламыз. Демек, қоғамға қажетсіз, сұраныс болмаған, халықтың талғамына сай келмейтін, ділдік құндылықтарымыздан ауытқыған т.б. өздігінен-ақ мәңгілікке ұмытылып қала береді, бейболмысқа аттанады. Олай болса, түркілік ауызша мәдениеттің барлық үлгілері халықтың

талғам сүзгісінен іріктеліп-сұрыпталып шыққан озық дүниелер деп тұжырымдауымызға әбден болады. Сондықтан да, «ұялатындай», қажетсіз дүниелерді жасырып әлек болып отырмаймыз, ондайлар өздігінен-ақ із-түссіз жоғалып кетеді. Мысалы, қазіргі таңда фольклордағы анайы болып саналатын сөздер (к...) алынып тасталған. Қазіргі таңда, осындай іріктеушіліктің жоқтығының салдарынан, қоғамға аса қажетті емес, тіпті кейде мүлде қажетсіз, кей сәттерде кері әсер ететін дүниелер әлдеқандай жолдармен баспадан басылып шығуда немесе интернет беттерінде жарық көруді.

– ауызша мәдениет авторларын шынайы өнер иелері мен талант ретінде тәрбиелейді. Бұл әсіресе, күй шығарудағы, өзінің төл туындысы, жырын айтудағы, айтыс өнеріндегі, мақалдап тастаудағы, билердің билік айтуындағы т.б. суырып салмалықтан (импровизатор) анық көрініс табады. Мысалы, жыршы, өзінің толғауын, қағазға жазып, оны қайта-қайта түзетіп отыруға еш мүмкіндігі жоқ, ол аяқ астынан, сол сәтте туғызуы тиіс және ол мінсіз болып шығуы қажет. Немесе, «Ақсақ Құлдан» күйінің шығу тарихы да солай, өмір мен өлімнің арасында, сол сәтте, терең мағыналы болып шығуы тиіс болған. Міне, бұл бір қырынан алғанда, фольклордың мазмұнын ғана емес, оны тудырушы субъектіні де, яғни, өнер иелерін де сұрыптайды. Демек, ол сол сәтте көркем, мінсіз жана туындысын сыртқа шығара алмаса, онда бұл өнерді тастайды, тастамаса, оны халық та мойындамайды. Бүгінгі таңда да, өнер иелерінің арасында, мысалы, ақындарымыздың ішінде ішінара талантсыздар кездесіп қалатындығы жасырын емес, себебі, біздің мәдениетіміз қазір ауызша емес, сұрыпталу жүрмейді (айтыс өнері сияқты кейбіреулері болмаса).

– ауызша мәдениет өміршең және мәңгі, ол адамзатпен бірге жасаса алады. Егер де жазба дүниелер жоғалып кететін болса, ол халық жадысында толық нұсқалы күйінде сақталмаса, онда бұл мұралар мәңгілікке жоғалады деген сөз. Мысалы, тарихтағы Отырар кітапханасының өртенуі қаншама рухани мұраларды із-түссіз жоғалтып жіберді. Онымен қатарлас, сәл кейіндеу пайда болған «Ақсақ құлан» күйі бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Демек, мынадай модель жасасак, егер де, қазіргі компьютерлік құрылғыларға зиян келетіндей, ақпараттары тұтас жоғалатындай, ортақ желіге зиян келсе, немесе, хакерлер жалпы тұтас желіні қайта қалпына келместей қылып бұзатындай вирус ойлап тапса, онда адамзат өркениеті қаншалықты дағдарысқа ұшырайтындығын елестетудің өзі үлкен траге-

дия. Себебі, ондағы ақпараттар адами жадыда сақталмаған, жалпылай айтқанда, қазіргі өркениет мұралары ауызша мәдениет емес.

– ауызша мәдениетте орындаушылардың, яғни, өнер иелерінің беделі мен туындыларының құндылығы артады. Мысалы, күйшінің, әншінің өзі орындаған оның күйін, әнін басқа ешбір жан дәл сол қалпында орындап бере алмайды, сондықтан, бір ауылға талантты күйші, әнші келсе, оны жергілікті бұқара халық құрмет тұтып, оның туындыларын тыңдауға жиналады. Немесе, ақын, жыршының шығармаларын сол сәтте шәкірттері тыңдап жаттап алмаса, ол мәңгілік-

ке жоғалады, сондықтан, оның әрбір туындысының өзі аса құнды болып табылады. Осыған байланысты, біз бүгінгі күнге дейін келіп жеткен түркі-қазақ фольклорының қаншамасы ұмыт болғандығын бағамдай аламыз.

Қортындылай келе, ауызша мәтіндердің тек мазмұны ғана емес, оның ауызша таралуының өзі халық даналығының айқын бір көрінісі деп айта аламыз. Сонымен қатар, бұл туындылардың әрқайсысының мазмұны жоғарыда айтылғандай, этикацентризм ядросының перифериясында орналасқан және одан тыс та бола алмайды.

Әдебиеттер

- 1 Аюпов Н.Г. Проблема человека в тенгрианстве // Адам бол! Что это значит? – Алматы, 2006. – 42-69 бб.
- 2 Ғабитов Т.Ғ. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері//Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: СаҒа, 2007. – 560 б.
- 3 Хузман Фридрих. Об образе и смысле смерти / пер. с нем. – М.: Энигма, 1997. –144 с.
- 4 Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.
- 5 Сабит М., Кокумбаева Б., Темиртон Г. Духовная культура великой степи и современность. – Алматы: КазНИИК, 2013. – 200 с.
- 6 Тоқсанбаева Г. Қазақ дүниетанымдағы махаббат феномен: филос.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008. – 120 б.
- 7 Нысанбаев Ә. Қорқыт – бүкіл түркі халықтарының ұлы ойшылы // Егемен Қазақстан. – 1997. – 28 қазан.
- 8 Оспанов С.И. Түркі-қазақ халық философиясы – онтологияның генезисі. «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі»: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 446 б.

References

- 1 Ayupov N.G. Problema cheloveka v tengrianstve // Adam bol! Chto eto znachit? – Almaty, 2006. – 42-69 bb.
- 2 Gabitov T.G. Ruhani muranizertteudinadisnamalik maseleleri // Qazirgizamangiruhanilik maselesi. – Almaty: SaGa, 2007. – 560 b.
- 3 Huzeman Friedrich. Ovovraze ismiysle smerti / Per. snem. – M.: Enygma, 1997. –144 s.
- 4 Ospanov S. Argitektanunegizderi. – Almaty: Aris, 2009. – 424 b.
- 5 Sabit M., Kokumbayeva B., Temirton G. Duhovnaya kulturavelikoostepiisovremennost. – Almaty: KazNIIK, 2013. – 200 s.
- 6 Toqsanbaeva G. Qazaqdunyetanimindagimahabbatfenomeni. – Filos.gil.kand.dyss. – Almaty, 2008. – 120 b.
- 7 Nisanbaev A. Qorqit – bu kilturki haliqtarininuli oyshili // Egemen Qazaqstan. – 1997. – 28 qazan.
- 8 Ospanov S.Y. Turki-Qazaqhalikfilosofyasi – ontologyaningenesisi// «Turkilerdinalemdikorkenyetkeqosqanulesi». Haliqaraliq gilimy-teoryaliqkonferensyamateriyaldari. – Almaty, 2012. – 446 b.